

6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Айтуарова Азиза Малдыбаевнаның
«Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту»
тақырыбында дайындалған диссертациясына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Зерттеу бойынша алынған нәтижелердің маңыздылығы 2021 жылдың 12 қазанында ҚР Үкіметінің қабылдаған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жоба мен ҚР ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының басты мақсаты: «Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру» деп анықталған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің жүйелі негізі» Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы шеңберінде «Оқитын ұлт» жобасына сәйкес келумен дәйектеледі. А.Айтуарованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес дайындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертантың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми - тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, оның маңыздылығы толықтай ашылған. Себебі докторант отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдау арқылы ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін

			айқындаған. Контент талдау әдісін басшылыққа ала отырып, «Студенттердің оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылаған, диссертациялық жұмыста авторлық нұсқада берілген анықтама арқылы педагогика ғылымының терминологиялық өрісі кеңейтілгені сөзсіз. Сонымен қатар, ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, деңгейлері дәйектелді. Диссертант ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеген.
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысын өзі жазған. Ой-пікірлері, тұжырымдары жүйелі әрі анық. Тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандық тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада қызмет етуі – зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп мазмұн тұтастығын тұжырымдауға мүмкіндік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Оқу қазіргі заманғы жас адамға қажет, оның рухани жолы ішкі ресурстарын өзін-өзі түсінуге, әсіресе ішкі әлемі мен жеке басын түсінуге, тарихтағы рөлі мен мақсатын, жақсылық пен жамандық тұрғысынан басқа адамдармен қарым-қатынасын түсінуге жұмылдыру қабілетінен басталады. Осыдан біз диссертация өзектілігінің <u>негізделгенін</u> көріп отырмыз. Ұсынылып отырған жұмыс тұлғаның, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту бағытындағы алғашқы жұмыстардың бірі, сол себепті теориялық және тәжірибелік тұрғыда жұмыстың

			өзектілігі айқын.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	А.Айтуарованың диссертациялық жұмысының мазмұны «Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге теориялық талдау жасалынып, мәселенің теориялық негіздері айқындалса, екінші тарауда жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың цифрландыру жағдайындағы трансформациясы мен отандық және шетелдік тәжірибесі сипатталады, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың моделі ұсынылып, оның компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған. Жұмыстың үшінші тарауында студенттердің оқырмандық мәдениетінің шынайы деңгейі анықталып, педагогикалық-психологиялық диагностикалық құралдары нақтыланып, анықтаушы эксперимент нәтижелері берілген, жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы ұсынылады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертацияның <u>тақырыбын айқындайды</u>.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмеді.	Зерттеу жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Диссертацияда зерттеуші төрт міндет айқындап, шешімін таба білген. Бірінші міндетке сәйкес ЖОО студенттерінің оқырмандық

		мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдауымен айқындаған; екінші міндетке сай «Студенттердің оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланған; үшінші міндетке сәйкес ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген және төртінші міндетке сай ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген. Алынған жаңа нәтижелер докторанттың міндеттерді шешуде толық жүзеге асыра алғандығын және <u>сенімділігін растайды.</u>
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланысы жоқ.	А.Айтуарованың ғылыми жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады, құрылымы логикаға сай, алынған зерттеу мәселесін бірізді аяқталған ғылыми бірлік ретінде тануға толық негіз бар. Соның нәтижесінде теориялық және тәжірибелік жаңалықтарды, қорғауға ұсынылған қағидаларды да байланысқан бірліктер ретінде қарастыруға болады.
	4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сыни талдай алған. Автор ұсынған жаңа шешімдер «Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту» ерекшеліктерін анықтау тәжірибесінде, концептуалды теориялық моделін құрастыруда бірнеше позициялар ескерілген: оқырмандық мәдениеттің жоғары деңгейі оны қалыптастыру қажеттілігімен, ақпаратты іздеу технологиялары туралы жүйелі біліммен және мәселені шешу үшін ақпарат көздерін өзбетінше таңдау қабілетімен, рефлексивті ойлау

			әдістерін меңгерген: тоқтату, еске түсіру, оқшаулау, қарама-қайшылықтар мен ұқсастықтарды іздеу, сәтті орындалған қызметке ұқсас іс- әрекеттер, нәтижелер мен мақсаттарды салыстыру, түзетумен сипатталады. Екіншіден, диагностикалық әдістерде тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Э.Милман), авторлық сауалнама, «Оқитын жастар» сауалнамасы, рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі (А.В.Карпов, В.В. Пономарева). Үшіншіден, күтілетін нәтижеде студенттердің оқырмандық мәдениеті: жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында семантикалық іздеу және шығармашылық белсенділікті қамтамасыз ететін құндылық бағдарын, мінез-құлық икемділігін дербес анықтаумен сипатталатын үздіксіз білім берудің тұтас жүйесі (білім, білік, оқуға деген қажеттілік, оған тұрақты қызығушылық) қарастырылады. Сонымен, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін бір жүйеге келтіріп, сыни талдаулар жасалады. Интернет дәуірінде оқылымның трансформациясына SWOT талдау, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында шетелдік жоғары оқу орындарының тандау пәндеріне, «Педагогика және психология» мамандығының оқу бағдарламасына талдау жасалған. Зерттеу мәселесінің негізгі түйіндері модельге түсіріліп, бағдарлама әзірленіп, «ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту» авторлық тұрғыда негізделген.
--	--	--	--

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Зерттеу мәселесі бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. <i>Бірінші нәтиженің жаңалығы</i> диссертанттың философиялық, психологиялық-педагогикалық және арнайы зерттеулерге талдау жасап, тәжірибені сараптап, зерттеуде басшылыққа алып, сүйенетін әдіснамалық амалдар мен ұстанымдардың айқындалуымен негізделеді. Екінші нәтиже жаңа, себебі отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектеріне талдау жасалып, «студенттердің оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, авторлық тұрғыда жаңа түсінікпен байытылған. Үшінші нәтиженің жаңалығы ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі алғаш рет әзірленуінде. Төртінші нәтиже жаңа, себебі ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген.
		5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның қорытындылары <u>толығымен жаңа</u>. Автор өз жұмысында цифрландыру жағдайында университет студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша анықтау экспериментін жүргізудің негізінде мынадай тұжырым жасаған, ЖОО-ның оқыту жүйесінде студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту үшін заманауи білім беру бағдарламаларына, психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістер мен инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануымен байланысты болады десе, екіншіден, цифрландыру жағдайында студенттердің бойында оқу мәдениеті, оқуға деген

		қызығушылық, танымдық ізденімпаздық болуы қажет, яғни заманауи студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытуда интернет арқылы іс-шараларды, электронды, виртуалды көрмелерді (кітаптердің библиографиялық сипаттамасы, иллюстрациялар, фотосуреттер, карталар, кітап мұқабалары және т.б.) кеңінен пайдаланып компьютерлік және мультимедиялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру қажет (дыбыстық жазбалар, мультимедиялық технологиялар, кітап ескерткіштерін цифрландырудың арнайы бағдарламалары және «аударылатын беттер» жүйесі, оқуды дамытуға көмектесетін басқада электрондық ресурстар), көрмеге қатысудың ақпараттылығына, әсемдігіне және өзіндік әсеріне қол жеткізу қажет деп өте ұтымды тұжырымдайды. Зерттеуде орын алған теориялық тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындары қолдана алады.
	5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа</u>. Автор зерттеудің мақсатына сәйкес, «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламаның пәндік, танымдық, шығармашылық үш бағыты бойынша қарастырған. Ал қалыптастыру кезеңінде студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделімен» өзара байланыстырып, іске асырылды. Мұнда «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты кешенді бағдарламаның пәндік бағытына семинар сабақтарының мазмұнына толықтырулар мен өзгерістер енгізілген. Бұл педагогикалық

			эксперимент жұмыстар нәтижесінен, кешенді бағдарлама нәтижесімен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative reserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-практикалық дәлелдемелерде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1. Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.	Докторант А.М.Айтуарова диссертациялық жұмысы бойынша төрт қағида ұсынған: Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелердің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейлі конференцияларға мақалаларының жарық көруімен және ғылыми басылымдарында жариялануымен расталған. Зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге енгізілгендігін растайтын анықтамалардың тіркелуімен дәлелденеді.
		7.2. Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> .	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар өзіндік түпнұсқалық бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан <u>тривиалды емес</u> болып табылады.
		7.3. Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың қорғауға ұсынған әрбір қағидасы <u>жаңа</u> болып табылады, педагогика және психология ғылымдарының өрісінде жаңа әдіснамалық негіздермен, сыни талдау тұрғысымен, эмпирикалық зерттеу жолдарымен ерекшеленген.
		7.4. Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> .	Диссертациялық жұмыс нәтижесінде ұсынылған «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» кешенді бағдарламасы нәтижесінде ұсынылған студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда қолданылу ауқымы <u>кең</u> .
		7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның негізгі мазмұны мақалаларда жарияланған. Диссертацияның негізгі қағидалары

		2) жоқ.	12 ғылыми мақалада жарық көрген, халықаралық ғылыми конференцияларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен қызылған ақпараттың дәйектілігі	8.1.Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Зерттеу мәселесінің теориялық негіздері нақты айқындалған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалардың (ғылымилық, іс-әрекеттік, ақпараттық, аксиологиялық, синергетикалық, жеке тұлғалық, жалпы мәдени құндылық) жиынтығы болып табылады.
		8.2.Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологиялар мен қолданбалы бағдарламаларды теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістерді қолдану арқылы алынған.
		8.3.Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	А.М.Айтуарованың «Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты диссертациясындағы тәжірибелік-эксперимент жұмысы (анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперимент) 2019-2020 оқу жылында «5В010300-Педагогика және психология» мамандығының 2-3 курс студенттері, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс (3 жылдық және 4 жылдық) студенттерінің арасында (жалпы саны - 85 студент) қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді.
		8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған/ішінара расталған/расталмаған.</u>	Ғылыми зерттеу және әдебиеттерге шолу барысында пайдаланылған материалдар мен дереккөздеріне диссертацияда толығымен сілтемелер келтірілген.
		8.5.Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u>	Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті және 264 атауды құрайды.
9.	Практикалық	9.1.Диссертацияның	Диссертацияның теориялық

құндылық принципі	теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	маңыздылығы бар, себебі ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындалған.
	9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары . Атап айтсақ: - студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленген: - «Оқырман шеберханасы» клубының жұмысы; - «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы; - Педагогика және психология БББ-дағы «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті пәніне енгізілген практикалық материалдар (семинар сабақтары мен СӨЖ). Зерттеу нәтижелерін, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға бағытталған нақты әзірлемелерді жоғары оқу орнындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға болады.
	9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылды); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа . Зерттеу нәтижелерін саралай келе, жоғары оқу орнының студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында төмендегідей <i>ұсыныстар берілген</i> : ЖОО-ның факультет көлемінде студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесі төңірегінде оқытушыларға арналған семинарлар мен біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылса; Екіншіден, зерттеу нәтижесі ретінде ұйымдастырылған «Оқитын педагог», «Оқу көшбасшысы» конкурсы, «Буккроссинг» интернет жобасы сияқты іс-шаралар жүйелі

